

**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«О.ТҰРМАҒАНБЕТҰЛЫ АТЫНДАҒЫ МАҢҒЫСТАУ
ИНДУСТРИАЛДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» МКҚК**

«КЕЛІСЕМІН»

«Производственная компания
Орда» ЖШС директоры



Судейменов Е.Д.

2024 ж

«БЕКІТЕМІН»

«О.Тұрмағанбетұлы атындағы
Маңғыстау индустриалды
техникалық колледжі» МКҚК
басшысы



Т.М. Ускимбаев

09 2024 ж

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мамандық: «08110300 Жеміс-көкөніс шаруашылығы»

Біліктілік: 3W08110304- «Жеміс өсіруші»

ҚҰРАСТЫРҒАНДАР

Дыбысова Р.Т. -«О.Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі» МКҚК басшының ОӘЖ жөніндегі орынбасары;

Қуатова Р.Х. – «О.Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі» МКҚК басшының ОІЖ жөніндегі орынбасары;

Сегізбаева Ж.Х- О.Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі» МКҚК әдістемелік бөлім меңгерушісі;

Жылқыбаева Ж.М – «О.Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі» МКҚК, арнайы пәндер оқытушысы;

Джолдасов О - «О.Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі» МКҚК, арнайы пәндер оқытушысы;

Сулейменов Е.Д- «Производственная компания Орда» ЖШС директоры

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ, КЕЛІСІЛДІ ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛДЫ

Колледж әдістемелік кеңесі

№ 1 хаттама « 28 » 08 20 21 жыл

Колледж Индустриалдық кеңесі

№ 3 хаттама « 29 » 08 20 21 жыл

Мазмұны

		бет
1	Білім беру бағдарламасына түсіндірме жазба	4
2	Қысқартулар мен белгілеулер тізімі	8
3	Функционалдық талдау	9
4	Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар	10
5	Білім беру бағдарламасының құрылымы	11
6	Білім беру бағдарламасының (модульдердің) мазмұны	14
7	Оқу жоспары	24
8	Ұсынылатын жабдықтар тізімі	32
9	Ұсынылатын әдебиеттер тізімі	44

1. Білім беру бағдарламасына түсіндірме жазба

Білім беру бағдарламасы 08110300 – Жеміс-көкөніс шаруашылығы (түрлері бойынша) мамандығы 3W08110304- «Жеміс өсіруші» біліктілігіне арналып, жұмысшы кадрларға қойылатын талаптарды ескере отырып, модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде дайындалды.

Елімізде қолданылатын жұмысшы кадрларды кәсіптік оқыту және даярлаудың білім беру бағдарламаларының құрылымы және мазмұны:

- бір мамандық бойынша оқу жоспары мен білім беру бағдарламасы аясында бір құзыретті алуға бағдарланған;

- құрылымы және мазмұны жөнінен техникалық және арнайы пәндер мазмұны мен оқу-өндірістік жұмыс түрлерін сипаттаумен дәстүрлі пәндік-циклдық тәсілдемеден ерекшеленеді;

- жалпы кәсіптік және кәсіптік даярлық пәндері осы біліктілік құзыреттеріне бағдарланған бірнеше модульге біріктірілген;

- болашақ кәсіптік қызметтің біліктілік құзыретінің белгілі бір түрлерін орындауға бағдарланған оқу модульдерінің қалыптасуын талап етеді.

Сонымен қатар техникалық және кәсіптік білім беру МЕМББСТ жалпы талаптары, сондай-ақ оған қоса тіркелген оқу жоспарлары мен кәсіптік стандарттар белгілеген біліктілік деңгейі бойынша білім, білік, дағдылар мен құзыреттерге қойылатын талаптар үлгісінің құрылымы ескерілген.

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жасакталды:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 10 желтоқсандағы № 530 бұйрығы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы № 28 бұйрығы, Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы; Сыныптауыштың сәйкестілігін анықтау үшін 2021 жылғы 17 ақпан № 61 бұйрығы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сәйкестігін анықтау үшін әдістемелік нұсқаулық»;
- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021жылғы 23 шілдедегі №362 бұйрығы;
- «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 31.10.2017 ж. № 553 бұйрығына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің бұйрығы, 15.09.2021 ж. №469 өзгеріс енгізілген, "Талар" КЕАҚ сайтында орналастырылған үлгілік оқу жоспарлары 381-382 қосымшалар;

- Кәсіби стандарт: «Жеміс өсіруші» Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 24.06.2020ж. №132 бұйрығының №8 қосымшасы;

- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы (2021.16.09. берілген өзгерістермен), ҚР Білім және ғылым министрінің 2021.16.09. № 472 бұйрығымен (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді);

- Техникалық және кәсіптік білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышы (ҚР БҒМ 27.09.2018 ж. №500 бұйрығымен бекітілген (жаңа редакцияда- ҚР Білім және ғылым министрінің 2021.07.21 №354 бұйрығымен). Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша және академиялық еркіндікті ескере отырып;

- «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы (жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 28.01.2016 №90 бұйрығы);

Осы білім беру бағдарламасын дайындау кезінде модульдік-құзыреттілік тәсілдеме және орта буындағы білікті жұмысшы кадрлар мен мамандарды даярлау бойынша модульдік оқытуды енгізу қажеттілігі негізінде мынандай түйінді анықтамалар пайдаланылды:

модульдік оқыту бағдарламасы – бір мамандық аясында кәсіптік қызметтің белгілі бір түрлерін орындауға қажет білімдер, біліктер мен құзыреттерді игеруге бағытталған білім беру бағдарламасының бір бөлігі;

модуль – білім беру бағдарламасының тәуелсіз, толыққанды және тұтас бөлімі;

жұмыс оқу бағдарламасы – техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы типтік оқу бағдарламасы негізінде нақты пән, іс-тәжірибелер, оқу қызметінің өзге түрлері (модульдер) үшін дайындайтын құжат;

модульдік бірлік – бұл бөлінуі мүмкін еңбектің басы мен аяғы болатын, белгілі бір кәсіпте еңбектің қисынды қолайлы бөлінісі, бұдан әрі мұның нәтижесі өнім, қызмет немесе жұмыстың бір бөлігі (жұмысшы операция) болады;

оқу модулі (модульдік оқу бірлігі) – болашақ біліктіліктің нақты дағдыларын білуді және орындалуын қамтамасыз ететін бір оқу модулі (пәні) аясындағы оқыту мазмұны бөлімдерінің (тақырыптарының) жиынтығы;

біліктілік – алынған мамандық бойынша белгілі бір қызмет түрін құзыретті орындауға даярлық деңгейі;

оқу процесінің жоспары (оқу жоспары) – сәйкес білім деңгейі мен бақылау нысанындағы білім алушылардың оқу пәндерінің (модульдерінің),

іс-тәжірибелердің және оқу әрекетінің өзге түрлері тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбек сыйымдылығын) реттемелейтін құжат;

08110300 – «Жеміс-көкөніс шаруашылығы» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы Қазақстанның ауыл шаруашылығы салаларына арналған жұмысшы мамандардың дайындау мақсатында және ел аумағындағы ауыл-шаруашылық саласындағы кәсіпорындар мен компаниялардың қажеттіліктерін талдау негізінде әзірленген.

Білім беру бағдарламасы келесі мамандарды дайындау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің (бұдан әрі - ҰБШ) 3 біліктілік деңгейіндегі құзыреттілік талаптарын ескере отырып дайындалған:

3W08110304 (ҰБШ 3 деңгейі);

Білім беру бағдарламасы жұмысшы мамандығы бойынша мамандарды дайындау мен білікті жұмысшы сертификатын беруді қарастырады.

Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасының құрылымы циклдар бойынша модульдер тізімін қамтиды: міндетті модульдер; базалық жалпы кәсіптік модульдер; кәсіптік модульдер.

Құзыреттіліктерге негізделген білім беру бағдарламасы білім алу тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген, себебі, білім беру бағдарламаларының мазмұны біліктілігі жоғары, бір жағынан құбылмалы еңбек жағдайларына бейімделуге және екінші жағынан кәсіби өсу мен білім алуды жалғастыруға қабілетті мамандар дайындауға бағытталған.

Оқытуды ұйымдастыруға модульдік тұрғыдан келу оқу орындарының білім алушылардың оқу процесін ұйымдастыру барысында қажет біліктілік алуына қажет кәсіптік модульдерді таңдауына жағдай жасауға мүмкіндік береді, оның аясында білім алушы өзінің оқуын өзі басқара алады және басқаруға тиіс. Бұл оны оқуы үшін, ал болашақта кәсіби өсуі мен мансап жолы үшін жауапкершілік алуға үйретеді. Осылайша, білім алушы тұтынушы ретінде білім беруге қанағаттанады, ол еңбек нарығындағы өзгерістерге жауап бере отырып, өз білімін жетілдіре алады.

Білім беру бағдарламасының қысқаша сипаттамасы

3W08110304- «Жеміс өсіруші» - бұл топырақты және екпе материалдарын егіске дайындау, жеміс және жидек көкөніс дақылдарының өнімдерін өсіру, жинау, сақтау және тасымалдаумен айналысатын жұмысшы маман.

«Жеміс өсіруші» ауыл шаруашылығының әр түрлі салаларында, кәсіпорындарда жұмыс жасайды.

«Жеміс өсіруші» міндеттері:

- Жұмыс құрал-саймандары мен қосалқы құралдарды пайдаланып, көкөніс дақылдарының егу, отырғызу, күту, сақтау жұмысын бақылау;

- Көкөніс дақылдарының көшеттерін өсіру кезінде тұқым дайындау және отырғызу алдындағы жұмыстарды орындау;

- Көкөніс дақылдарын егу және отырғызу технологиясымен орындау.

Осылайша, «Жеміс өсірушінің» негізгі мақсаты – көкөніс дақылдарын егу, отырғызу, өсіру және күту жұмыстарын қамтамасыз ету болып табылады. Негізгі жұмыс құралы – техникалар (Жеміс-көкөністерді себу, жинау құралдары, зиянкестерден қорғану материалдары).

Өз жұмысы барысында «Жеміс өсіруші» еңбек құралдарын (тұқым себу құралдары, топырақ пен тыңайтқыштарды қолдану құралдары, дәнді дақылдарының аурулары мен зиянкестерінен қорғау құралдарын қолданады.

«Жеміс өсіруші» жұмысы біршама айқын сипатта болады және ол:

- ережелерде, нұсқаулықтарда;

- басшылыққа алынатын нұсқау материалдарда;

- ауыл шаруашылық құрал-саймандарды, жабдықтарды техникалық пайдалану ережелерінде;

- еңбекті қорғау нормаларында анықталған.

Жеміс өсірушінің еңбегі ол жұмыстағы тапсырмаларды өз бетінше және жұмысшы мамандар тобымен орындай алатындай етіп ұйымдастырылған.

Функционалдық тұрғыда «Жеміс өсіруші» орындаушы болып табылады, алайда, ол өз қызметін және жұмыс жүктемесін өзі жоспарлайды және бөледі (жеке өзі орындаған жағдайда).

Жақын біліктіліктер:

- Көкөніс өсіруші;

- Бақша дақылдарын өсіруші;

- Жүзім өсіруші;

2 Қысқартулар мен белгілеулер тізімі

1. БЖМ – базалық жалпы кәсіби модульдер;
2. КМ – кәсіби модульдер;
3. БҰМ – білім беру ұйымы анықтайтын модульдер;
4. ӨО – өндірістік оқыту;
5. КТ – кәсіптік тәжірибе;
6. АА – аралық аттестация;
7. ҚА – қорытынды аттестация;
8. К – кеңес беру;
9. Ф – факультативті сабақтар;
10. ӨҚ – өлшеу құралы

3 Функционалдық талдау

Кәсіби модульдер

Біліктілік

Еңбек қызметі

Мамандық

Негізгі қызметтері:

Жеміс-көкөніс шаруашылығы, топырақты және екпе материалдарын егіске дайындау, жеміс және жидек көкөніс дақылдарының өнімдерін өсіру, жинау, сақтау және тасымалдау

Жұмыс біліктілігі:

3W08110304-

Жеміс өсіруші

Жеміс-көкөніс шаруашылығында жемістерді отырғызу үшін қажетті білімді, іскерлікті және дағдыларды игереді. Біліктілікті игеру нәтижесінде білім алушылар топырақты құнарландыруды және ауыл шаруашылық машиналарының құрылыс жабдықтарын, жеміс-көкөніс дақылдарын егу, күту және жинау жұмыстарын меңгереді:

Модуль «Жеміс-жидек бақтарында ұйымдастырушылық жұмыстарды орындау»

Модуль «Жеміс-жидек тәлім бағында көшеттер өсіру»

Модуль «Жеміс бағын отырғызу бойынша жұмыстарды орындау»

Модуль «Жас және жеміс салып тұрған бақта күтіп-баптау жұмыстарын орындау»

Модуль «Жеміс бағында өнімдерді жинау»

4. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

4.1 Білім беру бағдарламасын меңг ерген білім алушы келесі базалық құзыреттерге ие болуы тиіс (бұдан әрі – БҚ):

Құзырет тілік	Өнеркәсіптің/кәсіпорынның оқушылардың дайындық деңгейіне қоятын талаптары
Базалық құзыреттілік тер	<p>БҚ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру</p> <p>БҚ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану</p> <p>БҚ 3. Экономикалық базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану</p>
Кәсіби құзыреттіліктер	<p>Жеміс өсіруші</p> <p>КҚ 1 Жеміс-жидек бақтарын ұйымдастырушылық жұмыстарды орындау</p> <p>КҚ 2 Жеміс-көкөніс тәлімбағында көшеттер өсіру</p> <p>КҚ 3 Жеміс бағын отырғызу бойынша жұмыстарды орындау</p> <p>КҚ 4 Жас және жеміс салып тұрған бақта күтіп-баптау жұмыстарын орындау</p> <p>КҚ 5 Жеміс бағында өнімдерді жинау</p>

5. Білім беру бағдарламасының құрылымы

Кәсіби құзыреттілік	Оқу модулі	Оқыту нәтижелері	Қалыпта- сатын база лық құзырет тілік коды
Біліктілігі «Жеміс өсіруші»			
<p>ҚҚ 1 Жеміс-жидек бақтарын ұйымдастырушылық жұмыстарды орындауды жүзеге асыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> -пайдалану керек-жарағының тағайындалуы мен жинақтылығын қолдану -топырақты өңдеу әдістерін пайдалану. -тұқым себу және көшет отырғызу әдістерін қолдану - суару нормалары мен уақытын пайдалану -өсімдіктердің түрлік белгілерін анықтау. -көкөніс дақылдарының шаруашылық пісу белгілерін пайдалану. -ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу кезінде еңбекті қорғау қағидаларын орындау 	<p>КМ 01 Жеміс-жидек бақтарында ұйымдастырушылық жұмыстарды орындау</p>	<p>Білу: Ақаулықты диагностикалау құралдарын, бау-бақша пайдаланып. өсімдіктерді жұқартуға, байлауға, суаруға арналған құрал-саймандарды пайдалану; Үйрену өсімдік түрлерін түрлер, сыртқы белгілер бойынша ажырату. Көкөністерді жинау кезінде қол құралдары мен механикаландыру құралдарын пайдалану. Көкөністерді іріктеу, сұрыптау, тазалау, жуу үшін қол аспабы мен құралдарды қолдану.</p>	<p>БК1 БК2 БК3</p>

<p>КҚ 2 Жеміс-көкөніс тәлімбағында көшеттер өсіру</p> <p>-топырақты өңдеудің негізгі әдістерді қолдану;</p> <p>-топырақ өңдеу сапасын бағалау әдістерін пайдалану;</p> <p>-топырақ өңдеу сапасына қойылатын талаптарды қолдану;</p> <p>-есептік құжаттаманы ресімдеу қағидаларын.</p>	<p>КМ 02 Жеміс-көкөніс тәлімбағында көшеттер өсіру</p>	<p>Егістіктерді бөлу, топырақты өңдеу сапасы мен мерзімдерін бақылау кезінде, жұмыс құрал-саймандары мен қосалқы құралдарды пайдалану.</p> <p>Топырақты дайындау бойынша орындалған жұмыстардың көлемін есептеу.</p>	<p>БК1 БК2 БК3</p>
<p>КҚ 3 Жеміс бағын отырғызу бойынша жұмыстарды орындау</p> <p>- көкөніс дақылдарын егу және отырғызу технологиясын қолдану;</p> <p>- егу және отырғызу материалына қойылатын Мемлекеттік стандарттардың талаптарын пайдалану;</p> <p>-себу агрегаттарының техникалық сипаттамаларын қолдану;</p> <p>- егу және отырғызу кезінде, сондай-ақ көкөніс дақылдарына күтім жасау жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде еңбекті қорғау Қағидаларын пайдалану;</p> <p>- көкөніс дақылдарын күту және жинау жөніндегі жұмыстарды орындауға қойылатын агротехникалық</p>	<p>КМ 03 Жеміс бағын отырғызу бойынша жұмыстарды орындау</p>	<p>Жұмыс құрал-саймандары мен қосалқы құралдарды пайдалану.</p> <p>Орындалған жұмыс көлемін және егу мен отырғызу материалдарын тұтынуды есептеу.</p> <p>Көкөніс дақылдарына күтім жасау бойынша барлық жұмыстарды уақтылы және сапалы орындау.</p>	<p>БК1 БК2 БК3</p>

талаптарын қолдану			
<p>КҚ 4 Жас және жеміс салып тұрған бақта күтіп-баптау жұмыстарын орындау</p> <ul style="list-style-type: none"> - қатаю үшін көкөніс дақылдарының жас өскіндерін пайдалану; - жабу және мульчирование материалдарының ассортименті мен тұтыну нормаларын қолдану; - өсімдіктерді ұрықтандыру және азықтандыру технологияларын пайдалану; - ұзақтығы мен қорғалған топырақта өсімдіктердің жарықтану қарқындылығын қолдану; - вегетацияның әртүрлі кезеңдеріндегі көкөніс дақылдарының биологиялық сипаттамаларын пайдалану; - тыңайтқыштарды енгізуге арналған ауыл шаруашылығы машиналарының түрлерін пайдалану; - көкөніс дақылдарының шаруашылық пісу белгілерін қолдану; - сатуға арналған көкөністердің сапасына қойылатын талаптарды қолдану; - сақтауға қою кезінде көкөністердің фракциялық партияларының мөлшерін 	<p>КМ 04 Жас және жеміс салып тұрған бақта күтіп-баптау жұмыстарын орындау</p>	<p>Ауа-райы қызметтерін көкөніс дақылдарын егу және отырғызу, көшет отырғызу мерзімдерін жоспарлау үшін пайдалану;</p> <p>Қорғалған жердегі ауа температурасы мен жарықтандыруды реттеу.</p> <p>Өсімдіктерді айдау техникасын қолдану.</p> <p>Белсенді затта және физикалық салмақта тыңайтқыштар мен өсімдіктердің өсуін реттегіштерді тұтыну нормаларын есептеу.</p> <p>Суару, азықтандыру, жарықтандыру, газдау, температура мен салыстырмалы ылғалдылықты сақтау үшін механикаландырылған қондырғыларды қолдану.</p> <p>Өсімдіктерді қалыптастыру үшін қол құралдарын қолдану.</p> <p>Көкөніс дақылдарының пісетіндігін анықтау.</p> <p>Мамандандырылған каталогтар мен мәліметтер базасын пайдалану.</p>	<p>БК1 БК2 БК3</p>

пайдалану; -ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу кезінде еңбекті қорғау қағидаларын қолдану.		Жеке қорғаныс құралдарын қолдану	
КҚ 5 Жеміс бағында өнімдерді жинау -көкөніс дақылдарын жинау технологиясын орындау (көп жинақты, бір жолғы жинау дақылдары және т.б.). -көкөніс дақылдарын техникалық пісетіндігін анықтау. -жиналған көкөністерді сапалы алғашқы өңдеу және сақтауға дайындау .	КМ 05 Жеміс бағында өнімдерді жинау	Тазалау кезінде орындалған жұмыс көлемін есептеу. Көкөніс дақылдары мен картопты жинау уақытын анықтау. Орындалған жинау жұмыстарының сапасы мен көлемін бақылау	БК1 БК2 БК3

6. Білім беру бағдарламасының мазмұны

(модульдер) КӘСІБИ МОДУЛЬДЕР (КМ)

КМ 01 Жеміс-жидек бақтарын ұйымдастырушылық жұмыстарды орындау

КМ 02 Жеміс-көкөніс тәлімбағында көшеттер өсіру

КМ 03 Жеміс бағын отырғызу бойынша жұмыстарды орындау

КМ 04 Жас және жеміс салып тұрған бақта күтіп-баптау жұмыстарын орындау

КМ 05 Жеміс бағында өнімдерді жинау

КМ 01. Жеміс-жидек бақтарын ұйымдастырушылық жұмыстарды орындау

Модуль мақсаты: Жеміс-жидек бақтарын өсіруде жеміс ағаштарының морфологиялық құрылысы, өсуі, дамуы, өнуі, жемістенуі және агротехникасы операциялары бойынша базалық білім алу. Өнімді жинау жұмыстарын анықтау.

Модуль мазмұны: Бұл модуль жеміс-жидек бақтарын өсіру, баптау бойынша далалық жұмыстарды орындау үшін қажетті білімді, білік пен дағдыларды сипаттайды.

Модульді игеру нәтижесінде білім алушылар мыналарды меңгереді: Жеміс-жидек дақылдарының жеміс-жидек биологиялық ерекшеліктері мен морфологиялық белгілері бойынша жіктеуді; жеміс-жидектердің қанша топқа бөлінетінін; жеміс ағаштарын шырпуды және сидам сабақтар мен негізгі бұтақтарды анықтауды; жидек бұталарының түбіндегі және қатар аралықтардағы топырақты өңдеу барысында көп жылдық арам шөптердің тамырларын топырақтан мұқият алып тастап, топырақты қажетті мөлшерде аударуды; жеміс-жидек бақтары маңында күзде күту жөнінде қандай жұмыстар жүргізілетінін.

Модульді зерделеу кезінде білім алушылар келесілерді үйренеді: қауіпсіздік талаптарын сақтау;

Жеміс-жидек бақтарын егудің ережелерін қолдану; кәсіби қызметте санитарлық және басқа да құралдарды қолдану; ауылшаруашылығының негізгі заңдарын қолдану; еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі шаралары.

Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Осы модульді табысты аяқтағаннан кейінгі білім алушының оқыту нәтижелері	Бағалау критерийі Білім алушы міндеттері
<p>ОН 1. Жеміс-жидек дақылдарын биологиялық ерекшеліктері мен морфологиялық белгілері бойынша жіктеу.</p> <p>ОН 2. Жеміс-жидек көшеттігі мен бақтарында қолданылатын құрал-саймандарды жұмыс барысында қолдану.</p>	<p>1.1. Жеміс-жидек дақылдарын өсіру, баптау технологиясын және оларды зиянкестер мен аурулардан қорғу жолдарын түсіну;</p> <p>1.2. Жеміс-жидектерді өсірудің халық шаруашылығы үшін маңызы зор екенін білу;</p> <p>1.3. Жеміс көшеттігінің маңызы және жеміс көшеттерінің сапалық көрсеткіштерін білу;</p> <p>1.4. Жеміс-жидек дақылдары шығу тегіне, жемісінің құрылымына, биологиялық және өндірістік ерекшеліктеріне қарай бөлінетінін меңгеру;</p> <p>1.5. Жеміс-жидек дақылдарының өсу сипаты мен тіршілік ұзақтығына қарай жіктелуін ажырата білу.</p> <p>2.1. Жеміс-жидек көшеттері мен бақтарын отырғызуда қолданылатын құралдарымен жұмыс жасау барысында пайдалануды үйрену.</p>
<p>ОН 2. Жеміс-жидек тәлімбағын ұйымдастыру бойынша бастапқы жұмыстарды орындау.</p> <p>ОН 2.2. Телітушілерді тұқым арқылы және вегетативті жолмен өсіру.</p> <p>ОН 2.3. Жеміс-жидек дақылдарының телінушілерін дайындау.</p> <p>ОН 2.4. Жеміс көшеттерін тәлімбақтың бірінші, екінші және үшінші танаптарында өсіру.</p> <p>ОН 2.5. Жеміс-жидек көшеттерін қазып алу, сорттау, тасымалдау және сақтау бойынша жұмыстарды орындау.</p>	<p>2.1. Жеміс-жидек тәлім бағын ұйымдастыруда түрлі агротехникалық шараларды жүргізе білумен бірге, оның зиянкестері мен аурулары туралы білу;</p> <p>2.2. Пайдаланудың негіздерін меңгеру.</p> <p>2.3. Құрылымына қарай телітушілердің вегетативті, генеративті және аралас болып ажыратылатынын білу; жеміс көшеттерінің сапасы көбінесе ұластыру үшін пайдаланылатынын телінушілерге байланысты екенін білу; телінушілердің сапасы аналық ағаштардың қасиеттерімен тікелей байланыстыру; жеміс көшеттігінде телінушілер алу үшін аналық-сорттық бақ өсірілетінін ажырата білу;</p> <p>2.4. Жеміс көшеттігінің бірінші танабында учаскені әзірлеу және телітушілерді отырғызуды және оларды күтіп-баптауды меңгеру; жеміс көшеттігінің екінші және үшінші танабында атқарылатын агротехникалық жұмыстарды білу;</p> <p>2.5. Жеміс-жидек көшеттерін қазу, сорттау және сақтау мәнін анықтау; біржылдық және екіжылдық жеміс көшеттеріне мемлекеттік стандарт бойынша қойылатын талаптарды меңгеру; жеміс көшеттігінде топырақты қалай баптайтынын білу; жеміс көшеттерін тасымалдау мен сақтау ережелерін меңгеру.</p>

<p>ОН 3.1. Бақтардың түрлеріне қарай бақ отырғызылатын орынды таңдау.</p>	<p>3.1. Бақ отырғызатын орын таңдау кезінде қандай факторлар ескерілуі тиіс екенін білу; жеміс өсімдіктерінің өнімділігі мен экономикалық тиімділігі, ағаштардың ұзақ тіршілік етуі және олардың қолайсыз жағдайларға төзімділігі мен өсуі көп жағдайда бақты отырғызу кезеңінде анықталатынын білу; бақ үшін орын дайындау, оның аумағын ұйымдастыру, топырақ пен топырақ астын мәденилендіру және суландыру, отырғызу және қоректендіру алаңының үлгісін білу; бақ отырғызуға бірінен соң бірі орындалатын үш кезеңнің кіретінін меңгеру.</p>
<p>ОН 3.2. Жоспарланған баққа жеміс-жидек дақылдары мен сорттарын таңдау.</p>	<p>3.2. Дақылдар мен сорттарды таңдағанда ескерілетін жеміс дақылдарын өсіретін шаруашылықтардың жеміс өсірудегі бағыттарын меңгеру; бақ аумағында дақылдар мен сорттарды олардың биологиялық ерекшеліктері мен шаруашылық құндылығын ескеріп орналастыру керектігін білу;</p>
<p>ОН 3.3. Бақ отырғызу үшін таңдап алынған учаскені дайындау.</p>	<p>3.3. Бақ отырғызар алдында қандай мелорациялық жұмыстар жүргізілуі тиіс екенін білу; бақ отырғызу үшін учаске таңдауды табиғи –климаттық, топырақ, экономикалық жағдайларды қарастыруды түсіну; сапалы көшет топырақ ылғалдылығы қолайлы болған жағдайда ғана өсірілетінін түсіну;</p>
<p>ОН 3.4. Жеміс көшеттерін отырғызу бойынша жұмыстарды орындау.</p>	<p>3.4. Жеміс көшеттерін отырғызуға арналған талаптарды білу; көшеттерді көшеттіктен баққа тасымалдаған кезде ауаның температурасы төмен болғандығынан үсуіне немесе күн шақырайып тұрғанда және желді күндері тамырларының кеуіп кетуіне жол бермеу керектігін түсіну; отырғызу алдында көшеттердің мұқият тексерілетінін, сынған бұтақтар мен тамырларды кесіп тастау керектігін білу.</p>
<p>ОН 4.1. Бақ шаруашылығында жас талдарды, жеміс салатын ағаштар мен бұталарды күту бойынша жұмыстарды орындау.</p>	<p>4. 1. Жеміс бағын күтіп – баптау үшін жүргізілетін агротехникалық шаралардың жүйесіне бақ топырағын өңдеу, суару, тыңайтқыштар енгізу, жеміс ағаштарының бөрікбастары мен сидамдарын күту, жеміс ағаштарының өнім салуын қадағалау мен жеміс ағаштарын зиянкестер мен аурулардан қорғауды білу; жас бақтағы жеміс ағаштарын күтудің негізгі міндеттерін меңгеру; жас бақты күту үшін қандай агротехникалық жұмыстар жүргізілетінін білу; жеміс салып тұрған бақтағы жеміс ағаштарын күтудің негізгі міндеттерін білу;</p>
<p>ОН 4.2. Жеміс ағаштарын қалыптастыру және қырқу бойынша жұмыстарды жүргізу.</p>	<p>4.2. Жеміс ағаштарын қалыптастырудың негізгі мақсатын білу; реттеу және жасарту әдістері</p>

<p>ОН 4.3. Жеміс-жидек дақылдарын зиянды организмдерден қорғау.</p>	<p>қай уақытта, қандай мақсатпен және қалай орындалатынын түсіну; жеміс ағаштарын қырқудың маңызы және оның негізгі әдістерін білу.</p> <p>4.3. Жеміс ағаштарының жапырақ кеміргіштеріне қарсы қандай улы химикаттарды пайдаланатынын білу; күз айында жеміс ағаштарының жапырақтары толық түскеннен соң зиянкестердің қыстайтын фазалары үшін және ауру қоздырғыштарды жою үшін қандай шаралар жүргізілетінін меңгеру; жеміс ағаштарының зиянкестеріне қарсы қолданылатын биопрепараттарға нелер жататынын түсіну; таз қотыр ауруының қоздырғышына қарсы қандай фунгицидтерді пайдаланатынын білу.</p>
<p>ОН 5.1. Өнімді жинау және тасымалдау кезінде пайдаланылатын ыдыстарды дайындау.</p> <p>ОН 5.2. Жеміс-жидек дақылдарының сорттарының ерекшеліктеріне байланысты пісу және жинау мерзімдерін анықтау және өнімді жинау.</p> <p>ОН 5.3. Жемістерді сақтау үшін сапаларына қарай сұрыптау мен өңдеу жұмыстарын орындау.</p>	<p>5.1. Өнімді жинау – бақ шаруашылығындағы ең жауапты жұмыс екенін түсіну; жеміс бағының болашақ өнімін алдын-ала анықтаудың жолдарын білу; жемістердің пісу дәрежелері және олардың өнімді жинауға әсерін түсіну; жемістердің пісу дәрежесін қалай анықтауды білу; жемістерді жинау үшін қандай құрал-жабдықтар мен ыдыстар керек екенін меңгеру.</p> <p>5.2. Жеміс шаруашылығында жемісті ұзу уақытының зор маңызының бар екенін және жемістердің пісуіне ауа-райы көп әсер ететінін білу; Мерзімінен бұрын піскен немесе тым пісіп кеткен жемістердің ұзақ сақталмайтынын, дәмі де нашар болатынын, жемістің пісуі екі дәрежеге бөлінетінін білу; өнімді жинау жұмыстарына арнайы құрал-жабдық, ыдыс, тиеу-түсіру және тасымалдау құралдары керек екенін меңгеру.</p> <p>5.3. Бауға арнап жерді дұрыстап тандап алудың жеміс ағаштарының өсуі мен жақсы өнім беруі үшін аса маңызы бар екенін білу; сұрыптау мен өңдеу жұмыстарын меңгеру.</p>

КМ 02. Жеміс-жидек тәлімбағында көшеттер өсіру

Модуль мақсаты: Жеміс -жидек дақылдарының ғылыми негіздегі технологияларын қолдану арқылы жоғарғы және сапалы өнім алу жолдарын үйрету. Өсімдіктердің әлемі-тірі табиғаттың бір бөлігі. Жеміс-жидектерді өсіру, күтіп-баптап, және өнімін жинау туралы базалық білім алу. Электронды жабдықтарды, техникалық бақылау құралдарын тандай білу және ұғымдамаларын анықтау.

Модуль мазмұны: Бұл модуль жеміс-жидек дақылдарының өсіп-өнуі мен электрондық жүйелерін диагностикалауды орындау үшін қажетті білімді, білік пен дағдыларды сипаттайды.

Модульді зерделеу нәтижесінде білім алушылар келесіні меңгереді: жеміс-жидектерінің жалпы құрылымы, жерді құрғатуда агротехникалық шараларды ұйымдастыруды, жеміс-жидек дақылдарын суландыру жүйелерін, жемісті өсімдіктердің ботаникалық құрамдары мен жіктелуін, ауыл шаруашылық суару техникаларымен танысуды және селекция жұмысындағы негізгі бағыттар мен принциптер.

Модульді зерделеу кезінде білім алушылар келесілерді үйренеді: жеміс-жидек дақылдарын қорғалуын және грунттағы өсіру технологиясын; өнеркәсіптік негізінде тұқымдарды дайындау; жеміс-жидек шаруашылығындағы өндірістік үрдістерді ұйымдастыру; ауыл шаруашылық техникаларын, тыңайтқыштарды, өсімдік өсіру құралдарын пайдалану; өндірісте топырақ құнарлылығын сақтауды және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуші ресурстарды үнемді қолдануды жетік білуі тиіс;

Жеміс-жидек дақылдарының адамдарға және қоршаған ортаға тигізетін әсері. Жеміс-жидектерді өсірудің халық шаруашылығы үшін маңыздылығы. Жеміс-жидек дақылдарының жоғары өнімділігімен және экономикалық тиімділігімен ерекшеленеді. Жеміс-жидек дақылдарының мол өнім өндіруде түрлі агротехникалық шараларды жүргізе білумен бірге, оның зиянкестері мен аурулары туралы да хабардар болып, оларға қарсы күрес жолдарын тиімді қолдана білу керек. Далалық және лабораториялық тәсілдері. Жеміс-жидек шаруашылығының даму тарихы. Қазақстан және Ресей ғалымдарының жеміс-жидек шаруашылығының дамуына қосқан үлестері. Жеміс –жидек шаруашылығының қазіргісі мен келешегі.

Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Осы модульді табысты аяқтағаннан кейінгі білім алушының оқыту нәтижелері	Бағалау критерийі Білім алушы міндеттері
ОН 2.1. Жеміс-жидек тәлімбағын ұйымдастыру бастапқы жұмыстарды орындау.	2.1. Жеміс-жидек тәлімбағын ұйымдастыру әдістерін меңгеру. Жеміс-жидек шаруашылығының мәселесі мен даму тарихын меңгеру. Жеміс-жидек тұқымдарды дайындауды білу. Бақша дақылдарының тұқым шаруашылығында маңызын түсіну. Ауылшаруашылық дақылдарының негізгі материалдарын меңгеру.
ОН 2.2. Телітушілерді тұқым арқылы және вегетативті жолмен өсіру.	2.2. Вегетативті әдіспен өсірілетін телітушілер аналық ағаштардың учаскесінде өсірілетінін білу. Клонды телітушілер өсіру үшін қажетті аналық ағаштарға орын таңдау және топырақты өңдеп әзірлеуді меңгеру.

	<p>Сұлама бұтақтарды тырғызу және оларды күтіп-баптау әдістерін білу.</p> <p>Сұлама бұтақтарды қыркып алу және сорттауды білу.</p>
ОН 2.3. Жеміс-жидек дақылдарының телінушілерін дайындау.	<p>2.3.Телінушілерді дайындау үшін қажетті аналық-сорттық баққа орын таңдау және элиталық көшеттерді отырғызуды түсіну.</p> <p>Аналық ағаштарды күтіп-баптауды білу.</p> <p>Аналық-сорттық бақтан қалемше-телінушілер дайындауды меңгеру.</p>
ОН 2.4. Жеміс көшеттерін тәлімбақтың бірінші, екінші және үшінші танаптарында өсіру.	<p>2.4. Жеміс көшеттігінің бірінші танабында учаскені әзірлеу және телітушілерді отырғызу, оларды күтіп-баптау.</p> <p>Көзсабақтау, оны орындаудың әдістері, мерзімдері мен тәсілдерін білу.</p> <p>Жеміс көшеттігінің екінші танабында атқарылатын агротехникалық жұмыстарды оқып түсіну.</p> <p>Жеміс көшеттігінің үшінші танабында атқарылатын агротехникалық жұмыстарды білу.</p> <p>Біржылдық және екіжылдық жеміс көшеттеріне мемлекеттік стандарт бойынша қойылатын талаптарды меңгеру.</p>
ОН 2.5. Жеміс-жидек көшеттерін қазып алу, сорттау, тасымалдау және сақтау бойынша жұмыстарды орындау.	<p>2.5. Жеміс көшеттерін қазу, сорттау және сақтауды білу.</p> <p>Апробация көшеттердің өркендерінің, жапырақтарының және бүршіктерінің морфологиялық белгілері бойынша жүргізілетінін білу.</p> <p>Көшеттерді қазу алдында жапырақтарын қолмен алып тастайтынын, егер топырақ құрғап қалса қазар алдында суарылатынын түсіну.</p> <p>Жинап алған бойда көшеттердің сортталатынын білу.</p>

КМ03. Жеміс бағын отырғызу бойынша жұмыстарды орындау

Модуль мақсаты: Жеміс бағын отырғызу туралы ұғым беру. Зиянды организмдерге қарсы күрес жөніндегі жұмыстарын жүргізуді игеру.

Модуль мазмұны: Бұл модуль жеміс бағы дақылдарын диагностикалауды орындау үшін қажетті білімді, іскерлікті және дағдыларды сипаттайды.

Модульді игеру нәтижесінде білім алушылар мыналарды меңгереді: Қазақстанның жеміс бағы шаруашылығының табиғи ерекшеліктерінің неге байланысты екендігі; өсімдіктерді қорғауға арналған егістік жұмыстарын қолдануды анықтайды; жеміс дақылдарының қоршаған ортаның әсерлеріне сезімталдығы; солтүстік Қазақстандағы жеміс бағы дақылдарының қорғаусыз жерлердегі басты агротехникалық шараларды сипаттауы; қорғаулы жердегі жемістерді өсірудің мәні мен мағынасы; қорғаулы жердегі жемістерді өсірудің технологиясы; жеміс өсірудің жетістіктері мен кемшіліктері; Ашық жерлерде жеміс өндіруді тұқым себу арқылы жүргізілгенде қандай себу тәсілдерін пайдаланатынын;

Модульді оқу кезінде білім алушылар ауылшаруашылық машиналарының тағайындалуын анықтайды; ауру туғызғыштарды меңгерудің микроскопиялық құралдарын үйренеді; зиянкестермен және аурулармен күресу кезінде алдын алу шараларын жүргізеді; зиянкестерге әсерін тигізетін экологиялық факторларды біледі;

агрохимия топырақ пен тыңайтқыштар арасындағы қатынасты, олардың өсімдікке тигізетін әсерін анықтауды; дәнді дақылдарының аурулары мен зиянкестері және олардан қорғау жүйесін түсінеді.

Арамшөптермен күресу жолдарын біледі. Жеміс ағаштарын тұқымдармен көбейту ерекшеліктерін; негізгі жеміс ағаштарының тұқымын алу жолдары, скарификация және стратификациялауды үйренеді.

Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Осы модульді табысты аяқтағаннан кейінгі білім алушының оқыту нәтижелері	Бағалау критерийі Білім алушы міндеттері
ОН 3.1. Жеміс бағын отырғызу бойынша жұмыстарды орындау.	3.1 . Жеміс бағын отырғызу жұмыстарының талаптарын білу. Жеміс бағының мойыншасы топырақ деңгейінде орналасса, яғни жер бетінде болса жақсы өсіп, жақсы жетілетінін түсіну.Таяз отырғызылған ағаштардың тамыр жүйелері жалаңаштанып, топыраққа мықты орнықпайтынын, ал ашық қалған тамырлары жазда қурап, қыста үсіп кетуі мүмкіндігін білу. Отырғызуға арналған тікпе көшеттер стандартты, механикалық зақымдану белгілері жоқ, суыққа төзімді, зиянкестер мен аурулардан сау болуы керектігін білу.
ОН 3.2. Жоспарланған бакқа жеміс-жидек дақылдары мен сорттарын тандау.	3.2. Жеміс-жидек дақылдарының биологиялық ерекшеліктерін ажырата білу. Жеміс –жидек дақылдарының сорттарын білу. Жеміс ағаштарының негізгі бөліктерін білу. Жеміс-жидек дақылдарының сорттарын тынығу кезеңіне қарай бөлінетінін түсіну.
ОН 3.4. Жеміс көшеттерін отырғызу бойынша жұмыстарды орындау.	4.1. Жеміс көшеттерін отырғызу жұмыстарының талаптарын білу. Көшеттерді отырғызу алдында қандай дайындық жұмыстары жүргізілетінін білу. Отырғызуға арналған тікпе көшеттер стандартты, механикалық зақымдану белгілері жоқ, суыққа төзімді, зиянкестер мен аурулардан сау болуы керектігін білу.

КМ 04. Жас және жеміс салып тұрған бақта күтіп-баптау жұмыстарын орындау

Модуль мақсаты: Жас және жеміс салып тұрған бақта химиялық зерттеу диагностикасында техникалық қызмет көрсету жұмыстарын үйрету.

Модуль мазмұны: Бұл модуль өсімдіктердің техникалық жай-күйін бақылау мен тексеруді орындау үшін қажетті білімді, іскерлікті және дағдыларды сипаттайды. Тұқымдардың ауруға шалдыққанын сараптау. Қарқынды өсімдік қорғау туралы түсінік. Күресудің агротехникалық, механикалық, физикалық әдістерін біледі.

Модульді игеру нәтижесінде білім алушылар мыналарды меңгереді: жеміс салып тұрған бақтағы күтудің негізгі міндеттерін біледі; ауыспалы егіс жағдайында жас және жеміс салып тұрған бақ дақылдары үшін тыңайтқыш қолдану технологиясын сақтау; тыңайтқыштарды ұтымды және тиімді пайдалану; бақ күтімі жөніндегі агротехникалық шараларды игереді; оңтүстік және Шығыс Қазақстанда топырақтары пестицидтермен және ауыр металдармен ластанған жерлерді азық аймақтарын құру мақсатында қалпына келтіру үшін фиторемидиация технологиясын жасау; дәстүрлі және биотехнологиялық әдістер көмегімен өсімдіктердің жаңа сорттарына селекция жасау; модульді оқу кезінде білім алушылар өсімдіктердің адамдарға және қоршаған ортаға тигізетін әсерінің жолдарын үйренеді; өсімдіктердің ауруға төзімділігіне зертханалық диагностика жүргізуді біледі; жәндіктердің басты отрядтарының сипаттамасын үйренеді.

Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Осы модульді табысты аяқтағаннан кейінгі білім алушының оқыту нәтижелері	Бағалау критерийі Білім алушы міндеттері
ОН 4.1. Бақ шаруашылығында жас талдарды, жеміс салатын ағаштар мен бұталарды күту бойынша жұмыстарды орындау.	4.1 Ботаника жеке өсімдіктер мен олардың бірлестігінің өзара және қоршаған ортамен байланысын анықтау. Өсімдіктер физиологиясының өздеріне тән тіршілік құбылыстарының ережелерін анықтау. Жас бақтағы жеміс ағаштарын күтудің негізгі міндеттерін білу. Өсімдік түрлері мен фитоценоздардың, жер шарындағы таралуының ауа райына, топыраққа және геологиялық тарихын таралуын білу. Өсімдіктер экологиясы-олардың популяцияларының бір-бірімен және олардың сыртқы ортамен қарым-қатынасын меңгеру. Жеміс салып тұрған бақтағы күтудің негізгі міндеттерін түсіну. Ботаника өсімдіктердің ішкі және сыртқы құрылыс заңдылықтарын, жүйелерін, тіршілік әрекеттерін, таралу ерекшелігін, ортамен қарым-қатынасын өсімдіктер жабынының

	<p>құрылысын зерттейтінін ұғыну.</p> <p>Өсімдіктер физиологиясы олардың өздеріне тән тіршілік құбылыстарын зерттейтінін білу.</p>
ОН 4.2. Жеміс ағаштарын қалыптастыру және қырку бойынша жұмыстарды жүргізу.	<p>4.2. Жеміс ағаштарын қалыптастырудың негізгі мақсатын білу.</p> <p>Реттеу және жасарту әдістері қай уақытта, қандай мақсатпен және қалай орындалатынын түсіну.</p> <p>Жұмыс істеу кезінде құрғақ химиялық реактивтерді қолмен алуға болмайтынын білу.</p> <p>Жеміс ағаштарын қыркудың маңызы және оның негізгі әдістерін игеру.</p> <p>Қырку кезінде әр түрлі дақылдар мен сорттардың биологиялық ерекшеліктері, ағаштардың жасы, бақтардың типін түсіну.</p> <p>Қыркудың құрамында бұтақтардың және жылдық өсімдердің бөліктерін кесудің қысқарту, сирету, жасарту, жазғы қырку операциялары жататынын білу.</p>
ОН 4.3. Жеміс-жидек дақылдарын зиянды организмдерден қорғау.	<p>4.3. Жеміс ағаштарының жапырақ кеміргіштеріне қарсы қандай улы химикаттарды пайдаланатынын білу; Құндақты күйе көбелегінің жапырақтарды зақымдаудағы ерекшелігін түсіну. Жеміс ағаштарын зақымдайтын бітелердің түрлерін білу. Жеміс ағаштарында қабыршақ қанаттылар отрядының қандай түрлері көп зиян келтіретінін білу.</p> <p>Жеміс ағаштары мен жидектердің кенелеріне қарсы қандай акарацидтерді пайдалану керектігін меңгеру. Жеміс ағаштарының ауруларына қандай фунгицидтерді пайдалану керектігін білу.</p>

КМ 05. Жеміс бағында өнімдерді жинау

Модуль мақсаты: Өнімдерді жинаудың биологиялық ерекшеліктеріне, жемістердің пісу дәрежелері және олардың өнімді жинауға әсері, оларды көбейту, өсіру, отырғызу, қалыптастыру, жинау, күту және өңдеу, отырғызу жолдарын үйретеді.

Модуль мазмұны: Бұл модуль жеміс бағы өсімдіктерінің биологиялық-морфологиялық негіздерімен, ботаникалық құрамымен және өндірістік – биологиялық қасиеттерімен таныстырады; жеміс-жидек дақылдарын дұрыс отырғызуды үйретеді; құрал-саймандарды қайрауды, піскен өнімді дұрыс жинауды меңгереді; көшеттіктің құрылымымен, ондағы атқарылатын негізгі жұмыс түрлерімен және жеміс-жидек өсімдіктерін көбейту тәсілдерін біледі; негізгі жеміс дақылдарының өсу және жеміс салу заңдылықтарын түсінеді; әр түрлі жеміс өсімдіктері өркендерінің морфологиялық құрылысымен танысады; жасыл және көпжылдық көкөніс дақылдарымен танысу, оларды өсіру жолдарын сипаттау;

Модульді игеру нәтижесінде білім алушылар мыналарды меңгереді: жеміс бағында өнімдерді жинауды, өсу, даму, жетілу, көбею теориясын;
Модульді зерделеу кезінде білім алушылар өсімдіктерді күту және жеміс-жидектерді зиянды насекомдардан қорғау теориясы.

Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Осы модульді табысты аяқтағаннан кейінгі білім алушының оқыту нәтижелері	Бағалау критерийі Білім алушы міндеттері
ОН 5.1. Өнімді жинау және тасымалдау кезінде пайдаланылатын ыдыстарды дайындау.	5.1. Өнімді жинау – бақ шаруашылығындағы ең жауапты жұмыс екенін түсіну; жеміс бағының болашақ өнімін алдын-ала анықтаудың жолдарын білу; жемістердің пісу жәрежелері және олардың өнімді жинауға әсерін түсіну; жемістердің пісу дәрежесін қалай анықтауды білу; жемістерді жинау үшін қандай –құрал-жабдықтар мен ыдыстар керек екенін меңгеру. Фермерлік шаруашылықтың міндеттері мен ерекшеліктерін, мағынасын анықтау. Жемістерді жинау үшін қандай құрал-жабдықтар мен ыдыстар пайдаланатынын білу. Жеміс бағының болашақ өнімін алдын-ала анықтаудың жолдарын ұғынады. Жемістердің пісу дәрежесін анықтауды білу.
ОН 5.2. Жеміс-жидек дақылдарының сорттарының ерекшеліктеріне байланысты пісу және жинау мерзімдерін анықтау және өнімді жинау.	5.2. Жеміс дақылдарының Оңтүстік Қазақстан облысының аймақтары бойынша аудандастырылған сорттарының ерекшеліктерін білу. Жеміс-жидек дақылдарының пісу және жинау анықтап өнімді дұрыс жинау талаптарын білу. Селекция жұмысын ұйымдастырады. Сорттың тазалығын, өнгіштігін, себу мөлшерін, сорттардың шаруашылыққа жарамдылығын білу. Отырғызу материалын, емдеу технологиясын игеру. Ауылшаруашылық дақылдарын аудандастыра білу. Өсімдіктердің хромосомаларын ұғыну
ОН 5.3. Жемістерді сақтау үшін сапаларына қарай сұрыптау мен өңдеу жұмыстарын орындау.	5.3. Жемістерді сақтау үшін сапаларына қарай сұрыптау жолдарын игеру. Өңдеу шараларын ұйымдастыра білу. Жемістер мен көкөністердің дұрыс сақталмаса, витаминдерінің жоғалатынын білу. Сұрыптау мен өңдеу жұмыстарын меңгеру.

7 Оқу жоспары

Техникалық, кәсіби және орта білімнен кейінгі білім

Білім беру коды және бейіні:

081 Ауыл шаруашылығы

Мамандығы:

08110300- Жеміс-көкөніс шаруашылығы

Біліктілік:*

3W08110304 - Жеміс өсіруші

Оқыту нысаны: күндізгі

Оқытудың нормативтік мерзімі:

жалпы орта білім базасында

